

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының»"Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 50 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 4 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4700 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 30 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік мекемелердің тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізушілер алдындағы міндеттемелерін орындауы үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылығы аумақтық бөлімшелерінің төлемдерді жүзеге асыру тәртібін нақтылау, сондай-ақ инкассалық өкімдерді орындау тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1155 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" ресми басылымында 2000 жылғы 5-18 маусымда N 12 (183) жарияланған; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1379 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2001 жылғы N 14 жарияланған " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы" 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 488 ; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1779 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2002 жылы N 17 жарияланған "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 20 ; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2193 тіркелген, 2003 жылғы 21 наурызда "Егемен Қазақстан" газетінде N 64-65 (23275) жарияланған "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлем құжаттарын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 20 ; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2593 тіркелген, 2004 жылғы 30 қаңтарда "Егемен Қазақстан" газетінде N 22-23 (23661) жарияланған "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1155 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 372 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2704 тіркелген, 2004 жылғы 21 ақпанда "Егемен Қазақстан" газетінде N 40 (23678) жарияланған "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1155 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 24 қаңтардағы N 13 ; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3283 тіркелген, 2004 жылғы 8 қараша - 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" ресми басылымында N 23-24 жарияланған "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2004 жылғы 13 қарашадағы N 150 ; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3883 тіркелген, 2005 жылғы 11 қарашада "Заң газеті" газетінде N 145-146 (770) жарияланған "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлем

құжаттарын ресімдеу және орындау мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 95 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4407 тіркелген, 2006 жылғы 19 қазанда "Заң газеті" газетінде N 185 (991) жарияланған "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде банктік шоттарды жүргізу және инкассалық өкімдерді орындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруымен қоса) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесінде:

11-тармақта "Қазынашылық органдарда" деген сөздер "Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Егер басқа деректемелері (ЖБК, СТН) банк клиентін бірегейлендірсе, клиенттің инкассалық өкімде көрсетілген атауы оның нақты атауына сәйкес келмеген жағдайда салық органдары электрондық тәсілмен ұсынған инкассалық өкімді акцептеуден бас тартуға жол берілмейді.";

2 2 - 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

22-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері) төлем құжаты "төлем мақсаты" бағанында мемлекеттік мекеменің бес миллион теңгеден артық сомадағы, бенефициар ұсынатын хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) болған кезде орындалуы тиіс азаматтық-құқықтық мәмілелерін (міндеттемелерін) тіркеу туралы хабарламаның нөмірін, күні көрсете отырып, банкте бенефициардың жеке ісіне тігіліп, сақталады. Хабарламада қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері және мемлекеттік мекеме басшыларының қолдары, мөрлерінің таңбасы болуы тиіс.";

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

Төлем құжатының "төлем мақсаты" бағанында хабарламаның нөмірі мен күнінен басқа төлемнің "ағымдағы" немесе "түпкілікті" мәртебесі көрсетілуі тиіс. Банкте сақталған хабарламаның нөмірі және күні "төлем мақсаты" бағанында көрсетілген хабарламаның нөмірімен және күнімен сәйкес келуі тиіс.";

төртінші абзац "тармақтың" деген сөзден кейін "бірінші," деген сөзбен толықтырылсын;

87-тармақтың бірінші абзацында "қазынашылық органдарының" деген сөздер "қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алынып тасталсын;

бесінші абзац "орындалғаннан кейін" деген сөздерден кейін "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Төлем жүйелері департаменті (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитетіне, екінші деңгейдегі банктерге, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) Төлем жүйелері департаментінен жариялауға өтінім алған күннен бастап үш күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.М. Сартбаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ж о ғ а р ғ ы

С о т ы

ж а н ы н д а ғ ы

С о т ә к і м ш і л і г і

к о м и т е т і н і ң

Т ө р а ғ а с ы

2007 жылғы " _ " _____

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а р ж ы

м и н и с т р і

2007 жылғы " _ " _____

